

**"Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асырған кезде ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы**

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 85 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешіммен бекітілген Сипаттамада көзделген электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының техникалық схемаларын әзірлеуді және оларды сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде ақпараттық өзара іс-қимылды іске асыру кезінде пайдаланылатын электрондық құжаттар мен мәліметтер құрылымдарының тізілімінде орналастыруды қамтамасыз етуді Еуразиялық

экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін құру және дамыту жөніндегі жұмыстарды үйлестіру құзыретіне кіретін Еуразиялық экономикалық комиссия департаменті жүзеге асырады деп белгіленсін.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң, бірақ ерте дегенде 2017 жылғы 7 қарашадағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы туралы келісім күшіне енген күннен кейін күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы*

*Т. Саркисян*

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 22 мамырдағы  
№ 85 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**"Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл  
ҚАҒИДАЛАРЫ**

**I. Жалпы ережелер**

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығына кіретін мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

2017 жылғы 7 қарашадағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы туралы келісім;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатының тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" 2014 жылғы 21 қарашадағы № 94 шешімі;

Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің "Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке мүше мемлекеттердің келісілген (үйлестірілген) агроөнеркәсіптік саясатының тұжырымдамасы туралы" 2013 жылғы 29 мамырдағы № 35 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу тәртібі туралы" 2018 жылғы 13 ақпандағы № 26 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде

электрондық құжаттармен алмасуы туралы Ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және оларды сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі.

## **II. Қолданылу аясы**

2. Осы Қағидалар "Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне (бұдан әрі – жалпы процесс) қатысушылардың арасындағы осы жалпы процесс шеңберінде орындалатын рәсімдер сипаттамасын қоса алғанда, ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Жалпы процеске қатысушылар осы Қағидаларды жалпы процесс шеңберінде рәсімдер мен операцияларды орындаудың тәртібіне бақылау жүргізу кезінде, сондай-ақ жалпы процесті іске асыруды қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің компоненттерін жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

## **III. Негізгі ұғымдар**

4. Осы Қағидалардың мақсаттары үшін мыналарды білдіретін ұғымдар пайдаланылады:

"сорттардың бірыңғай тізілімі" – ұлттық тізілімдерге енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары туралы мәліметтерді қамтитын ортақ ақпараттық ресурс;

"рұқсат берілген аймақ" – Одаққа мүше мемлекеттің сортты пайдалану рұқсат берілген (рұқсат етілген, ұсынылған) және ұлттық тізілімде көрсетілген аумағының бір бөлігі;

"ұлттық тізілім" – Одаққа мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес қалыптастырылатын, сол мемлекеттің аумағында пайдалануға рұқсат берілген (рұқсат етілген, ұсынылған) ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының тізілімі;

"жарық түсетін аймақ" – Одаққа мүше мемлекеттің табиғи фотосинтетикалық белсенді радиация ағынының белгілі бір шамасымен сипатталатын және ұлттық тізілімде көрсетілген аумағының бөлігі;

"уәкілетті орган" – ұлттық тізілімді қалыптастыру және жүргізу бойынша құзыреттер берілген Одаққа мүше мемлекеттің атқарушы билік органы немесе ұйымы.

Осы Қағидаларда қолданылатын өзге де ұғымдар 2017 жылғы 7 қарашадағы Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының айналысы туралы келісімде айқындалған мәндерде қолданылады.

Осы Қағидаларда қолданылатын "жалпы процесс рәсімдерінің тобы", "жалпы процестің ақпараттық нысаны", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесімен айқындалған мәндерде қолданылады.

#### **IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер**

5. Жалпы процестің толық атауы: "Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодтық белгіленімі: P.AS.01, 1.0.0-нұсқасы.

##### **1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері**

7. Ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің, Одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік органдарының (бұдан әрі – мүше мемлекеттер), сондай-ақ басқа да мүдделі тұлғалардың тиісті рұқсат берілген аймақтарда мүше мемлекеттердің аумағында пайдалануға рұқсат берілген (рұқсат етілген, ұсынылған) сорттар туралы хабардар болуын арттыру есебінен Одақтың ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының нарығын дамыту жалпы процесті іске асырудың мақсаты болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына қол жеткізу үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

а) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Еуразиялық экономикалық комиссияға (бұдан әрі – Комиссия) ұлттық тізілімдегі өзгерістер туралы ақпаратты ұсыну тәртібін айқындау;

б) уәкілетті органдардан алынған ақпарат негізінде мүше мемлекеттердің аумағында пайдалануға рұқсат берілген (рұқсат етілген, ұсынылған) ауыл

шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары туралы мәліметтерді қамтитын Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

в) Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу кезінде жалпы сыныптауыштар мен анықтамалықтарды әзірлеуді, өзекті етуді және пайдалануды қамтамасыз ету;

г) мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын Сорттардың бірыңғай тізілімінен ақпарат алуын қамтамасыз ету;

д) Одақтың ақпараттық порталы арқылы Сорттардың бірыңғай тізіліміне мүдделі тұлғалардың қол жеткізуін қамтамасыз ету.

## 2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылар тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

### Жалпы процеске қатысушылар тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары беретін мәліметтерге сәйкес Сорттардың бірыңғай тізілімін өзекті етеді және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялайды; мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер ұсынады; мүдделі тұлғаларға Одақтың ақпараттық порталында Сорттардың бірыңғай тізілімінің мәліметтеріне қолжетімділікті қамтамасыз етеді
P.AS.01.ACT.001	мүше мемлекеттің уәкілетті органы	Комиссияға ұлттық тізілімнен мәліметтер ұсынатын, сондай-ақ Комиссиядан Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерге сұрау салатын мүше мемлекеттің уәкілетті органы
P.AS.01.ACT.002	мүдделі тұлға	Одақтың ақпараттық порталында Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерге сұрау салатын және оларды алатын жеке және заңды тұлғалар

## 3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдердің жиынтығын білдіреді:

- а) Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері;
- б) Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері.

11. Жалпы процесс рәсімдерін орындау кезінде мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан алынған ұлттық тізілімдегі мәліметтердің негізінде Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізген сорттар туралы мәліметтерді алуы жүзеге асырылады.


Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің дәл сол атауы бар, дәл сол бір түріне жататын, мүше мемлекеттердің екі және одан да көп ұлттық тізілімдерінен келіп түскен сорт туралы мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында бір сорт атауымен бір жазба түрінде жарияланады, онда әрбір мүше мемлекеттен келіп түскен мәліметтер көрсетіледі.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 22 мамырдағы № 85 шешімімен бекітілген "Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы 2018 жылғы 22 мамырдағы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 85 шешімімен бекітілген "Ауыл шаруашылығы өсімдіктері сорттарының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуі тиіс.

Мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен Комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – интеграцияланған жүйе) пайдалана отырып жүзеге асырылады. Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерге мүдделі тұлғалардың қол жеткізуі Одақтың ақпараттық порталы арқылы жүзеге асырылады.

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, өз мақсаты бойынша топтастырылған жалпы процестің рәсімдерін орындау тәртібі осы Қағидалардың VIII бөлімінде берілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және оларды орындау тәртібін көрсететін жалпы схема берілген. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (Unified Modeling Language – модельдеудің біріздендірілген тілі) графикалық нотациясы пайдалана отырып құрылған және мәтіндік сипаттамамен жабдықталған.

#### 4. Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобы

15. Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындау мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер, оған өзгерістер енгізу немесе Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер алып тастау үшін мәліметтер жіберген кезден басталады.


Мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімдегі сорттың тіркеу нөмірінің бірегейлігін қамтамасыз етеді.

Сорттардың бірыңғай тізіліміне жаңа мәліметтер енгізілген жағдайда "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімі орындалады.

Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерге өзгерістер енгізілген жағдайда "Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімі орындалады.

Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтер алып тасталған жағдайда "Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімі орындалады.

16. Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте ұсынылған.



2-сурет. Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері тобының жалпы схемасы

17. Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

**Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.01.PRC.001	Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.AS.01.PRC.002	Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады
P.AS.01.PRC.003	Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау	рәсімді орындау процесінде мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қалыптастыруды және Комиссияға ұсынуды жүзеге асырады



## 5. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдерінің тобы

18. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының ақпараттық жүйелерінен тиісті сұрау салулар алынған кезде орындалады.

Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдерін орындау шеңберінде сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

мүше мемлекеттің уәкілетті органының Сорттардың бірыңғай тізілімінен өзгертілген мәліметтерді алу қажеттілігін бағалау мақсатында орындалатын Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу;

мүше мемлекеттің уәкілетті органының белгілі бір күнге өзекті мәліметтерді Сорттардың бірыңғай тізілімінен алу қажеттілігін бағалау мақсатында орындалатын Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерге сұрау салу. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтер сұрау салуда көрсетілген күнгі жағдай бойынша сұратылады;

Сорттардың бірыңғай тізілімінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу;

мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі жазбалар саны туралы мәліметтерді алу мақсатында орындалатын Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі жазбалар саны туралы мәліметтерге сұрау салу.

Сорттардың бірыңғай тізілімінен өзгертілген мәліметтерге сұрау салу шеңберінде мыналар сұратылуы мүмкін:

Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді қосу немесе оларды өзгерту сұрау салуда көрсетілген күн мен уақыттан бастап сұрау салу орындалған кезге дейін жүргізілген мәліметтер;

Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді қосу немесе оларды өзгерту сұрау салуда көрсетілген уақыт кезеңі ішінде жүргізілген мәліметтер;

толық көлемде (тарихи деректерді ескере отырып) Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтер.

Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерге толық көлемде сұрау салу мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесіне мәліметтерді бастапқы жүктеу кезінде пайдаланылады, мысалы, жалпы процесті инициализациялау, жаңа мүше мемлекетті қосу, іркілістен кейін ақпаратты қалпына келтіру кезінде пайдаланылады. Мұндай жағдайда ұлттық тізілімдегі мәліметтерді жаңарту күні мен уақыты, сондай-ақ мәліметтерді өзгерту кезеңі сұрау салуда көрсетілмейді.

Сұрау салуды жүзеге асыру кезінде мынадай рәсімдердің бірі орындалады:

"Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004);


"Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.005);

"Сорттардың бірыңғай тізілімінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.006);

"Сорттардың бірыңғай тізілімі жазбаларының саны туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.007).

Көрсетілген рәсімдер дәйектілікпен орындалуы мүмкін ("Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімі, содан кейін "Сорттардың бірыңғай тізілімінен өзгертілген мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.006) рәсімі) не әрбір рәсім сұрау салуды жүзеге асыру мақсаттарына қарай басқалардан бөлек орындалуы мүмкін.

19. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері тобының келтірілген сипаттамасы 3-суретте ұсынылған.



3-сурет. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері тобының жалпы схемасы

20. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

**Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы

1	2	3
P.AS.01.PRC.004	Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу	рәсім мүше мемлекеттің уәкілетті органының ақпараттық жүйесінде сақталатын сорттар туралы мәліметтерді Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі тиісті мәліметтермен үндестіру қажеттігін мүше мемлекеттің уәкілетті органының бағалауына арналған
P.AS.01.PRC.005	Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу	рәсім Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылатын сорттар туралы мәліметтерді белгілі бір күнгі жағдай бойынша алуға арналған
P.AS.01.PRC.006	Сорттардың бірыңғай тізілімінен өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған сорттар туралы өзгертілген мәліметтерді алуға арналған
P.AS.01.PRC.007	Сорттардың бірыңғай тізілімі жазбаларының саны туралы мәліметтерді алу	рәсім берілген параметрлерге сәйкес келетін Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі жазбалардың саны туралы мәліметтерді алуға арналған

## V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы өзара ақпараттық іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілер тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

### Ақпараттық объектілер тізбесі

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.01.BEN.001	Сорттардың бірыңғай тізілімі	ұлттық тізілімге енгізілген ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің сорттары туралы мәліметтерді қамтитын жалпы ақпараттық ресурс

## VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту 2014 жылғы

29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақ құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауаптылыққа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары**

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде берілген.

5-кесте

### **Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі**


Кодтық белгіленімі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.AS.01.CLS.008	рұқсат берілген аймақтардың және жарық түсетін аймақтардың анықтамалығы	анықтамалық	рұқсат берілген аймақтардың және жарық түсетін аймақтардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.AS.01.CLS.011	өсімдіктердің тектерінің және түрлерінің сыныптауышы	сыныптауыш	орыс, латын тілдерінде тектердің және түрлердің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.AS.01.CLS.013	сорттың белгілерінің және қасиеттерінің сыныптауышы	сыныптауыш	сорттың белгілерінің және қасиеттерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.019	әлем елдерінің халықаралық сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 сәйкес әлем елдері кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды

## **VIII. Жалпы процесс рәсімдері**

### **1. Сорттардың бірыңғай тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері**

#### **"Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімі**

24. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімінің орындалу схемасы 4-суретте ұсынылған.



4-сурет. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімін орындау схемасы

25. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімі мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімге жаңа сорт туралы мәліметтерді енгізген кезде орындалады.

26. Бірінші болып "Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.AS.01.OPR.001) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

27. Ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.002) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

28. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.AS.01.OPR.003) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

29. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.002) операциясы орындалған жағдайда "Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.AS.01.OPR.004) операциясы орындалады, оның нәтижелері бойынша Комиссия Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді

30. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімін орындау нәтижесі Сорттардың бірыңғай тізіліміне сорттар туралы мәліметтерді енгізу және көрсетілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

31. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтер енгізу" (P.AS.01.PRC.001) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.01.OPR.001	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.002	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.003	Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.004	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.AS.01.OPR.001) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.001
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну

3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге мәліметтер енгізілген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы ұлттық тізілімге енгізілген өсімдіктердің сорттары туралы мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтер Комиссияға ұсынылды

8-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01. OPR.002) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.002
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтер ұсыну" (P.AS.01.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы сорттар туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді.</p> <p>Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы:</p> <p>Сорттардың бірыңғай тізіліміне жаңа мәліметтерді енгізуді жүзеге асырады, Сорттардың бірыңғай тізілімінде алынған мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады;</p> <p>мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді енгізуге сай келетін өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жібереді</p>
7	Нәтижелері	<p>ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді</p>

9-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу" ( P.AS.01.OPR.003) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.003
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс



6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды


10-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау" (P.AS.01.OPR.004) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.004
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімге енгізілген мәліметтерді қабылдағаннан және өндегеннен кейін орындалады ("Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімі**

32. "Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы 5-суретте ұсынылған.



5-сурет. "Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімін орындау схемасы

33. "Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы ұлттық тізілімдегі сорттар туралы мәліметтер өзгерген кезде орындайды.

34. Бірінші болып "Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.AS.01.OPR.005) операциясы бірінші орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін ұлттық тізілімде өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

35. Ұлттық тізілімде өзгертілген мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.006) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, өзгерістер тарихын сақтай отырып, оларды өңдеуді орындайды және мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

36. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.AS.01.OPR.007)

операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

37. "Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.006) операциясы орындалған жағдайда "Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.AS.01.OPR.008) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

38. Сорттардың бірыңғай тізілімінде сорт туралы мәліметтерді өзгерту және өзгерістер тарихын көру мүмкіндігімен Одақтың ақпараттық порталында көрсетілген мәліметтерді жариялау "Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімін орындау нәтижесі болып табылады.

39. "Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінде қамтылған мәліметтерді өзгерту" (P.AS.01.PRC.002) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.01.OPR.005	Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.006	Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.007	Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.008	Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

12-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P.AS.01.OPR.005) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3

1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.005
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімдегі сорттар туралы мәліметтер өзгерген кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы ұлттық тізілімдегі өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	ұлттық тізілімдегі өзгертілген мәліметтер Комиссияға ұсынылды

13-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.006) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.006
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімде өзгертілген мәліметтерді алған кезде орындалады ("Сорттардың бірыңғай тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" ( P.AS.01.OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің)

		деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	<p>орындаушы сорттар туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді.</p> <p>Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы:</p> <p>Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілетін мәліметтердің қолданылуының аяқталу күні мен уақытын алынған мәліметтердің қолданылуы басталған күні мен уақыты мәнімен толтырады,</p> <p>Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілетін мәліметтердің жаңартылу күні мен уақытын жаңартады. Нәтижесінде Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілетін мәліметтер өзгерістер тарихын көру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеуге қолжетімсіз болады;</p> <p>сорттар туралы алынған мәліметтерді Сорттардың бірыңғай тізіліміне енгізуді жүзеге асырады, өзгертілетін мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады; мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді өзгертуге сай келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып, мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жібереді</p>
7	Нәтижелері	ұлттық тізілімде өзгертілген мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

14-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.AS.01.OPR.007) операциясының сипаттамасы**

№ p/p	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.007
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды

15-кесте


**"Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау" (P.AS.01.OPR.008) операциясының сипаттамасы**

№ p/p	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.008
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімде өзгертілген мәліметтерді қабылдаған және өңдеген кезде орындалады ("Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгерту үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген

		мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	Сорттардың бірыңғай тізілімінде өзгертілген мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімі**

40. "Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімін орындау схемасы 6-суретте ұсынылған.



6-сурет. "Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімін орындау схемасы

41. "Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімі ұлттық тізілімнен сорт туралы мәліметтер алып тасталған кезде орындалады.

42. Бірінші болып "Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.AS.01.OPR.009) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау үшін ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтерді қалыптастырады және ұсынады.

43. Комиссияға ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтер келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.010) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, оларды өңдеуді орындайды және мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жібереді.

44. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.AS.01.OPR.011) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мәліметтерді жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы алынған хабарламаны өңдеуді жүзеге асырады.

45. "Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.010) операциясы орындалған жағдайда "Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді мәліметтер алып тасталғаннан кейін жариялау" (P.AS.01.OPR.012) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия Сорттардың бірыңғай тізілімінде жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

46. Сорттардың бірыңғай тізілімінен сорт туралы мәліметтерді алып тастау және өзгерістер тарихын көру мүмкіндігімен Одақтың ақпараттық порталында Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау "Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

47. "Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау" (P.AS.01.PRC.003) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.AS.01.OPR.009	Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.010	Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген



P.AS.01.OPR.011	Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.012	Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді алып тасталғаннан кейін жариялау	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

17-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.AS.01.OPR.009) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.009
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімнен мәліметтерді алып тастау кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтерді қалыптастырады және Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес оларды Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтер Комиссияға ұсынылды

18-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.010) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.010

2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтер келіп түскен кезде орындалады ("Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (P.AS.01.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс. Электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелері Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінің IX бөлімінде көзделген талаптарға сәйкес келуге тиіс.
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы сорттар туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеру сәтті орындалған жағдайда орындаушы: Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тасталатын мәліметтердің қолданылуының аяқталу күні мен уақытын алынған алып тасталатын мәліметтердің қолданылуының соңғы күні мәніне сәйкес келетін мәнмен толтырады, Сорттардың бірыңғай тізілімінде алып тасталатын мәліметтердің жаңартылу күні мен уақытын жаңартады. Нәтижесінде Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тасталатын мәліметтер өзгерістер тарихын көру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін сақталады және одан әрі өңдеуге қолжетімсіз болады; Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастауды жүзеге асырады; мәліметтерді ұсынған мүше мемлекеттің уәкілетті органына Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алып тастауға сай келетін мәліметтерді өңдеу нәтижесінің кодын көрсете отырып,

		мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны жібереді
7	Нәтижелері	ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтер өңделді, мүше мемлекеттің уәкілетті органына ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама жіберілді

19-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу" (P.AS.01.OPR.011) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.011
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижелері туралы хабарламаны алу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	орындаушы мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарламаны алған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы хабарламаны қабылдайды және оны Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді
7	Нәтижелері	ұсынылған мәліметтерді өңдеу нәтижелері туралы хабарлама алынды

20-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді мәліметтер алып тасталғаннан кейін жариялау" (P.AS.01.OPR.012) операциясының сипаттамасы**


№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.012

2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізіліміндегі мәліметтерді мәліметтер алып тасталғаннан кейін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	ұлттық тізілімнен алып тасталған мәліметтер қабылданғаннан және өңделгеннен кейін орындалады ("Сорттардың бірыңғай тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	–
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Сорттардың бірыңғай тізілімінің мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

## 2. Сорттардың бірыңғай тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері

### "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімі

48. "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімін орындау схемасы 7-суретте ұсынылған.



7-сурет. "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімін орындау схемасы

49. "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімін мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізілімнің жай-күйі (соңғы жаңартылу күні мен уақыты) туралы мәліметтер алу мақсатында орындайды.

50. Бірінші болып "Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.AS.01.OPR.013) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алуға сұрау салуды қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

51. Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу Комиссияға келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.AS.01.OPR.014) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Комиссия Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді мүше мемлекеттің уәкілетті органына жібереді.

52. Мүше мемлекеттің уәкілетті органына Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтер келіп түскен кезде "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.AS.01.OPR.015) операциясы орындалады, оны орындау нәтижелері бойынша Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алуға сұрау салуды жіберген мүше мемлекеттің уәкілетті органы Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы алынған мәліметтерді өңдеуді жүзеге асырады.

53. Мүше мемлекеттің уәкілетті органының Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алуы "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімін орындаудың нәтижесі болып табылады.

54. "Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 21-кестеде келтірілген.

21-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу" (P.AS.01.PRC.004) рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі**

Кодтық белгіленімі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3

P.AS.01.OPR.013	Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу	осы Қағидалардың 22-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.014	Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну	осы Қағидалардың 23-кестесінде келтірілген
P.AS.01.OPR.015	Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 24-кестесінде келтірілген

22-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу" (P.AS.01.OPR.013) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.013
2	Операцияның атауы	Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу
3	Орындаушы	мүше мемлекеттің уәкілетті органы
4	Орындау шарттары	Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерді алу қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуі тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес Сорттардың бірыңғай тізілімінің мәліметтерін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді ұсынуға сұрау салуды қалыптастырады және оны Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	Сорттардың бірыңғай тізілімінің жаңартылу күні мен уақыты туралы мәліметтерге сұрау салу жіберілді

23-кесте

**"Сорттардың бірыңғай тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы мәліметтерді өңдеу және ұсыну" (P.AS.01.OPR.014) операциясының сипаттамасы**

№ р/р	Элементтің белгіленімі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодтық белгіленімі	P.AS.01.OPR.014
